

# ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ СОТЫ

## КОНСУЛЬТАТИВТІК ҚОРЫТЫНДЫ

2018 жылғы 15 қазан

Минск қаласы

Еуразиялық экономикалық одақ Сотының мынадай құрамдағы  
Үлкен алқасы:

Төрағалық етуші, Сот Төрағасы Ж.Н. Бәйішев,  
баяндамашы судья Э.В. Айриян,  
судьялар А.М. Ажибраимова, Д.Г.Колос, Т.Н. Нешатаева, В.Х.  
Сейтімова, Г.А. Скрипкина, А.Э. Туманян, А.А.Федорцов, К.Л.Чайка,  
сот отырысының хатшысы В.В.Винниктің қатысуымен  
іс материалдарын зерттеп, баяндамашы судьяны тыңдап,  
Еуразиялық экономикалық одақтың Соты Статутының 46, 50, 68, 69,  
73, 96, 98-тармақтарын, Еуразиялық экономикалық одақ Соты Регламентінің  
72,85-баптарын басшылыққа ала отырып,

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 25-бабының және 2010 жылғы 5 шілдедегі Жеке тұлғалардың кеден одағының кедендік шекарасы арқылы қолма-қол ақша қаражатын және (немесе) ақша құралдарын өткізу тәртібі туралы шарттың ережелерін түсіндіру туралы өтініші бойынша мынадай консультативтік қорытынды береді.

### **I. Өтініш берушінің сұрағы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Еуразиялық экономикалық одақ Сотына (бұдан әрі – Сот) 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 25-бабының және 2010 жылғы 5 шілдедегі Жеке тұлғалардың кеден одағының кедендік шекарасы арқылы қолма-қол ақша қаражатын және (немесе) ақша құралдарын өткізу тәртібі туралы шарттың (бұдан әрі – 2010 жылғы 5 шілдедегі шарт) ережелерін, егер жеке тұлға трансферлік аймақта болған жағдайда Еуразиялық экономикалық одаққа бір мүше мемлекеттің аумағынан Еуразиялық экономикалық одаққа екінші мүше мемлекеттің аумағына үшінші елдердің аумақтары арқылы транзитпен 10 000 (он мың) АҚШ долларынан астам қолма-қол валютаны әуе көлігімен өткізу кезінде жеке тұлғалардың декларациялау мүмкіндіктері және (немесе) қажеттігі бөлігінде қолдануды түсіндіру туралы өтінішпен жүгінді.

Өтініште 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың (бұдан әрі – 2014 жылғы 29 мамырдағы шарт) 25-бабына сәйкес кеден одағының шеңберінде 2014 жылғы 29 мамырдағы шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, мүше мемлекеттердің аумақтары

арасында тауарларды кедендік декларациялау және мемлекеттік бақылау (көліктік, санитариялық, ветеринариялық-санитариялық, карантиндік фитосанитариялық) қолданбастан, еркін өткізу жүзеге асырылады деп көрсетілген.

Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Мемлекетаралық Кеңесінің (Кеден одағының жоғары органының) 2009 жылғы 27 қарашадағы № 17 шешімімен мемлекет басшылары деңгейінде қабылданған Кеден одағының Кеден кодексі туралы шартқа қосымша болып табылатын Кеден одағы Кеден кодексінің (бұдан әрі – КО КК) 4-бабы 1-тармағының 35) тармақшасымен тауар – бұл кедендік шекара арқылы өткізілетін кез келген жылжымалы мүлік, оның ішінде ақпарат тасымалдағыштар, кеден одағына мүше мемлекеттердің валютасы, бағалы қағаздар және (немесе) валюталық құндылықтар, жол чектері, электрлік және энергияның өзге де түрлері, сондай-ақ жылжымайтын мүлікке теңестірілген өзге де өткізілетін заттар деп көзделген.

Өтініште көрсетілгендей, 2016 жылғы 16 тамызда Қазақстан Республикасының азаматы М.Ж.Әмірханов Қазақстан Республикасының кеден органы куәландырған 20 000 (жиырма мың) АҚШ долларын Қазақстан Республикасынан әкетуге арналған жолаушының кедендік декларациясымен (бұдан әрі – ЖКД) Алматы қаласынан (Қазақстан Республикасы) Минск қаласына (Беларусь Республикасы) Киев қаласы (Украина) арқылы транзитпен авиамаршрутпен жол жүрген.

«Минск-2» кеден бекетінде (Беларусь Республикасы) Қазақстан Республикасының кеден органы куәландырған ЖКД-мойындамай, бұл ретте 20 000 (жиырма мың) АҚШ долларын Украинадан әкетуге арналған декларацияны көрсетуді талап етіп, валютаны заңдастырудан бас тартқан.

Украинаның кеден органы куәландырған ЖКД-ның болмауына байланысты М.Ж.Әмірхановтан 9 300 (тоғыз мың үш жүз) АҚШ доллары (Беларусь Республикасының ұлттық валютасына қайта есептеуді ескере отырып) тәркіленген, 700 (жеті жүз) АҚШ доллары жоғалтылған.

Өтініш беруші М.Ж.Әмірхановтың Украинадан алынатын декларацияны ұсыну мүмкіндігінің болмағанын атап өтеді, өйткені ол «Борисполь» халықаралық әуежайының трансферлік аймағында болған, ол жерде кедендік және шекаралық бақылау көзделмеген.

Бұдан басқа, М.Ж.Әмірханов «Борисполь» халықаралық әуежайының трансферлік аймағынан кетпеген, ол оның паспортында Украина шекара қызметінің белгісінің болмауымен, сондай-ақ 2016 жылғы 16 тамызда көрсетілген тұлғаның Украинаның мемлекеттік шекарасын кесіп өтуі туралы мәліметтердің жоқтығы туралы Украина Мемлекеттік шекара қызметінің 2017 жылғы 25 мамырдағы № 0.64-17028/0/15-17 ресми хатымен расталады.

Өтініште Беларусь Республикасының Жоғарғы Соты Беларусь Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің 14.5-бабының 2-бөлігіне сәйкес, сондай-ақ 2010 жылғы 5 шілдедегі Жеке тұлғалардың кеден одағының кедендік шекарасы арқылы қолма-қол ақша

қаражатын және (немесе) ақша құралдарын өткізу тәртібі туралы шарттың негізінде М.Ж.Әмірхановты кінәлі деп танығаны көрсетіледі.

Өтініш берушінің пікірінше, 2010 жылғы 5 шілдедегі шарттың 3-бабына сәйкес жеке тұлғаның Кеден одағының кедендік аумағына қолма-қол ақша қаражатын және (немесе) жол чектерін әкелуі мынадай тәртіппен шектеусіз жүзеге асырылады:

баламасы 10 000 (он мың) АҚШ долларына тең не одан аспайтын жалпы сомадағы қолма-қол ақша қаражатын және (немесе) жол чектерін біржолғы әкелген кезде көрсетілген ақша қаражаты және (немесе) жол чектері жазбаша нысанда кедендік декларациялануға жатпайды;

баламасы 10 000 (он мың) АҚШ долларынан асатын жалпы сомадағы қолма-қол ақша қаражатын және (немесе) жол чектерін біржолғы әкелген кезде көрсетілген ақша қаражаты және (немесе) жол чектері әкелінетін қолма-қол ақша қаражатының және (немесе) жол чектерінің барлық сомасына ЖКД беру арқылы жазбаша нысанда кедендік декларациялануға жатады.

Бұл ретте 2010 жылғы 5 шілдедегі шартта Одаққа мүше мемлекеттердің аумақтары арасында ақша қаражатын өткізу регламенттелмеген. Өтініш беруші, осылайша, жеке тұлғалардың Одаққа мүше мемлекеттердің аумақтары арасында қолма-қол ақша қаражатын өткізуі шектеусіз және кедендік декларациялау қолданылмай жүзеге асырылатынын көрсетеді.

Өтініш беруші Соттан егер жеке тұлға трансферлік аймақта болған жағдайда Еуразиялық экономикалық одаққа бір мүше мемлекеттің аумағынан Еуразиялық экономикалық одаққа екінші мүше мемлекеттің аумағына үшінші елдердің аумақтары арқылы транзитпен 10 000 (он мың) АҚШ долларынан астам қолма-қол валютаны әуе көлігімен өткізу кезінде жеке тұлғалардың декларациялау мүмкіндіктері және (немесе) қажеттігі бөлігінде 2014 жылғы 29 мамырдағы шарттың 25-бабының және 2010 жылғы 5 шілдедегі шарттың ережелерін қолдануға қатысты түсінік беруді сұрайды.

Соттың Үлкен алқасының 2018 жылғы 14 мамырдағы қаулысымен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің өтініші өндіріске қабылданды.

## **II. Соттағы рәсім**

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 2 қосымша болып табылатын Еуразиялық экономикалық одақ Соты Статутының (бұдан әрі – Сот Статуты) 68-тармағына сәйкес түсініктеме беру туралы істерді қарау тәртібі Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 101 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ Сотының Регламентімен (бұдан әрі – Сот Регламенті) айқындалады.

Түсініктеме беру туралы істер бойынша сот ісін жүргізу Сот Регламентінің VIII тарауының ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Сот Статутының 73-тармағында Соттың түсініктеме беру туралы істерді Соттың Үлкен алқасының отырыстарында қарайтыны көзделеді. Түсініктеме беру туралы істі Соттың қарауына дайындау шеңберінде Сот Регламентінің 75-бабының тәртібімен Еуразиялық экономикалық комиссияға, Беларусь Республикасының Жоғарғы Сотына, Одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдарына, Дүниежүзілік кеден ұйымына сұрау салулар жіберілді.

Одақ Сотына Беларусь Республикасының Жоғарғы Сотынан азамат М.Ж.Әмірхановтың әкімшілік құқық бұзушылығы туралы іс бойынша Беларусь Республикасы сот органдарының актілерінің көшірмелері, Армения Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік кірістер комитетінен, Ресей Федерациясының Федералдық кеден қызметінен, Беларусь Республикасының Мемлекеттік кеден комитетінен, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінен, Еуразиялық экономикалық комиссиядан жауаптар келіп түсті.

### **III. Сот құзыреті**

1.Сот Статутының 46-тармағына сәйкес Сот мүше мемлекеттің немесе Одақ органының өтініші бойынша 2014 жылғы 29 мамырдағы шарттың, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттардың ережелеріне, Одақ органдарының шешімдеріне түсініктеме беруді жүзеге асырады.

Соттың Үлкен алқасы Сот Статутының көрсетілген нормасының мазмұнын және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің өтінішін негізге ала отырып, түсініктеме берудің мәні, егер жеке тұлға трансферлік аймақта болған жағдайда Одаққа бір мүше мемлекеттің аумағынан Одаққа екінші мүше мемлекеттің аумағына үшінші елдердің аумақтары арқылы транзитпен 10 000 (он мың) АҚШ долларынан астам қолма-қол валютаны әуе көлігімен өткізу кезінде жеке тұлғалардың декларациялау мүмкіндіктерін және (немесе) қажеттігін құқықтық реттеу бөлігінде 2014 жылғы 29 мамырдағы шарттың 25-бабының және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарт ретінде қолданылу кезеңіндегі 2010 жылғы 5 шілдедегі шарттың ережелері болып табылады деп есептейді.

Өтініште көрсетілген нақты жеке тұлғаның Одаққа мүше мемлекеттердің және үшінші елдердің билік органдарымен құқықтық қатынастары осы консультативтік қорытындының мәні болып табылмайды.

### **IV. Сот қорытындылары**

2. Соттың Үлкен алқасы 1969 жылғы 23 мамырдағы Халықаралық шарттардың құқығы туралы Вена Конвенциясының 31-бабында белгіленген халықаралық шарттарды түсіндірудің жалпы қағидаларын басшылыққа ала отырып мыналарды атап көрсетеді.

Соттың Үлкен алқасы 2014 жылғы 29 мамырдағы шарттың 25-бабының ережелеріне түсініктеме беру бөлігінде 2014 жылғы 29 мамырдағы шарттың

25-бабы 1-тармағының 1) – 3) тармақшаларының және 2-тармағының ережелерінің жеке тұлғалар Одаққа бір мүше мемлекеттің аумағынан Одаққа екінші мүше мемлекеттің аумағына қолма-қол ақша қаражатын өткізу кезіндегі декларациялау тәртібі мен қағидаларын реттемейтініне байланысты өтініштің тұжырымдалуына қатысты және Шарттың 25-бабы 1-тармағының 47) және 5) тармақшаларының ережелерін нормативтік реттеу шегінде консультативтік қорытынды береді.

Соттың Үлкен алқасы өтініштің тұжырымдалуын негізге ала отырып, түсініктеме беру жеке тұлғаның әуе көлігімен осындай құралдарды кеден одағының кедендік аумағынан/аумағына іс жүзінде әкетуі/әкелуі мен осы тұлғаның Одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттің халықаралық әуежайының трансферлік аймағында болуы арасындағы байланыстың болуы не болмауы (қолма-қол ақша қаражатын міндетті түрде кедендік декларациялау мақсаттары үшін) туралы мәселені Соттың зерттеуімен байланысты деп есептейді.

2014 жылғы 29 мамырдағы шарттың кеден одағының жұмыс істеу қағидаттарын регламенттейтін 25-бабы осы Шарттың «Кеден одағының жұмыс істеуі» деген VI бөліміне енгізілген және 2014 жылғы 29 мамырдағы шарттың 2-бабының 15-абзацының және 3-бабының 6-абзацының нормаларымен үйлеседі. Көрсетілген ережелерге сәйкес кеден одағы бірыңғай кедендік аумақты көздейтін, мүше мемлекеттердің сауда-экономикалық интеграциясы болып табылады. Еуразиялық экономикалық одақтың негізгі қағидаттарының бірі өтпелі кезеңдер аяқталғаннан кейін кеден одағының алып қоюларсыз және шектеулерсіз жұмыс істеуі болып табылады.

Кеден одағы шеңберінде 2014 жылғы 29 мамырдағы шарттың 25-бабының 1-тармағы 4) және 5) тармақшаларының ережелерімен бірыңғай кедендік реттеу және 2014 жылғы 29 мамырдағы шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, мүше мемлекеттердің аумақтары арасында тауарларды кедендік декларациялау және мемлекеттік бақылау (көліктік, санитариялық, ветеринариялық-санитариялық, карантиндік фитосанитариялық) қолданбастан, еркін өткізу белгіленген.

Түсініктеме беру объектісі болып табылатын халықаралық шарттардың ережелерімен өзара байланыста зерттеуге жататын КО КК 1-тарауының 1 – 2-баптарының ережелері осы нормамен үйлеседі.

КО КК 2-бабының ережелеріне сәйкес Кеден одағының бірыңғай кедендік аумағын мүше мемлекеттердің аумақтары, сондай-ақ кеден одағына мүше мемлекеттер аумақтарының шегінен тыс орналасқан жасанды аралдар, қондырғылар, құрылыстар мен оларға қатысты кеден одағына мүше мемлекеттердің айрықша заңдық құзыры болатын өзге де объектілер құрайды.

Кеден одағының кедендік аумағының шегі кеден одағының кедендік шекарасы болып табылады. Кеден одағына мүше мемлекеттердің халықаралық шарттарына сәйкес кеден одағына мүше мемлекеттердің

аумақтарында орналасқан жекелеген аумақтардың шегі кедендік шекара болып табылуы мүмкін.

Бірқатар жағдайларда кедендік шекара мүше мемлекеттердің бірінің мемлекеттік шекарасына сәйкес келуі мүмкін.

Мемлекеттік сияқты кедендік шекара да өзге де халықаралық шарттармен және үшінші елдердің заңнамасымен белгіленген қағидалар тауарларды аумақтарына- аумақтарынан әкелу/әкету бөлігінде қолданылатын бірыңғай кедендік аумақтың аумақтық шектерін көрсетеді.

3.2014 жылғы 29 мамырдағы шарттың 25-бабы 1-тармағының 5) тармақшасымен белгіленген тауарларды мүше мемлекеттердің аумақтары арасында еркін өткізу қағидаты осы Шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, тауарларды кедендік декларациялауды және мемлекеттік бақылауды қолданбаудың императивтік шартын қамтиды.

КО КК 4-бабының 1-тармағы 35) тармақшасының нормасымен тауарларға өзгелермен қатар кеден одағына мүше мемлекеттердің валютасы, бағалы қағаздар және (немесе) валюталық құндылықтар, жол чектері жатқызылғанын ескергенде, көрсетілген қағидат оларға да қолданылады.

2014 жылғы 29 мамырдағы шарттың 25-бабының ережелеріне түсініктеме беру мақсаттары үшін көрсетілген норманың тауарларды, соның ішінде валютаны, валюталық құндылықтарды еркін өткізу тікелей Одаққа мүше мемлекеттердің аумақтары арасында жүзеге асырылуы шартымен қолданылуы мән-жайының елеулі маңызы бар.

Соттың Үлкен алқасы валютаның, валюталық құндылықтардың, ақша қаражатының Одақтың кедендік аумағының шегінде еркін өткізілуін құқықтық реттеу тиісті халықаралық шарттарды қабылдау жолымен халықаралық-құқықтық деңгейде жүзеге асырылады деп тұжырым жасайды.

2014 жылғы 29 мамырдағы шарттың 25-бабының 1-тармағы 4) және 5) тармақшаларының түсініктеме берілетін нормаларына жататын ережелерін олардың мағынасына сәйкес, олардың мән-мәтінінде, сондай-ақ Шарт объектісі мен мақсаттары тұрғысында өзара байланыста оқу мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Жеке тұлғалардың мүше мемлекеттердің аумақтары арасында қолма-қол ақша қаражатын өткізуі мынадай шарттар сақталған:

қолма-қол ақша қаражатын өткізу Одақтың бірыңғай кедендік аумағының шегінде Одаққа мүше мемлекеттердің аумақтары арасында жүзеге асырылған;

қолма-қол ақша қаражатын көліктің әуе және су түрлерімен өткізу Одаққа мүше мемлекеттердің аумақтары арасында аялдама (қону, ауысып отыру) жасамай, су кемесінің үшінші мемлекеттің портына кірмей, Одаққа мүше болып табылмайтын мемлекет арқылы транзитпен жүзеге асырылған жағдайда оларды кедендік декларациялау міндеті болмайды.

Бұл ретте қолма-қол ақша қаражатын Одаққа мүше екі мемлекеттің арасында үшінші мемлекетте аялдама жасамай көліктің әуе және су түрлерімен өткізу КО КК-нің «Жеке пайдалануға арналған тауарларды өткізу

ерекшеліктері» деген 49-тарауы ережелерінің және 2017 жылғы 11 сәуірдегі Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі (бұдан әрі – ЕАЭО КК) туралы шартпен қабылданған Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің тиісті ережелерінің мағынасы бойынша Одақтың кедендік аумағынан әкету және осы аумаққа әкелу болып табылмайды.

Егер Одаққа бір мүше мемлекеттен Одаққа екінші мүше мемлекетке (мемлекеттерге) жол жүретін, алайда үшінші мемлекеттің халықаралық әуежайының транзиттік, трансферлік аймағында аялдама жасайтын жеке тұлғаның қолма-қол ақша қаражатын әкетуі/әкелуі орын алған жағдайда 2014 жылғы 29 мамырдағы шарттың 25-бабының 1-тармағы 5) тармақшасының көрсетілген тұлғаға қатысты нормасы мынадай негіздемелер бойынша қолданылуға жатпайды.

КО КК 1-тарауының 4-бабының 31) – 32) және 33) тармақшаларына сәйкес:

тауарларды кедендік шекара арқылы өткізу - тауарларды кеден одағының кедендік аумағына әкелу немесе тауарларды кеден одағының кедендік аумағынан әкету;

тауарларды кеден одағының кедендік аумағына әкелу - нәтижесінде тауарлар халықаралық почта жөнелтімдерінде жіберуді, оларды кеден органдары шығарғанға дейін құбыржол көлігін және электр беру желілерін пайдалануды қоса алғанда, кез келген тәсілмен кеден одағының кедендік аумағына келген кедендік шекараны кесіп өтуге байланысты әрекеттерді жасау;

тауарларды кеден одағының кедендік аумағынан әкету - тауарларды халықаралық почта жөнелтімдерінде жіберуді, кедендік шекараны іс жүзінде кесіп өткенге дейін құбыржол көлігін және электр беру желілерін пайдалануды қоса алғанда, кез келген тәсілмен кеден одағының кедендік аумағынан әкетуге бағытталған әрекеттерді жасау.

Соттың Үлкен алқасы өзімен бірге тауарлары немесе қолма-қол ақша қаражаты бар жеке тұлғаның кеден одағының кедендік шекарасын іс жүзінде кесіп өтуі оларды әкетуді немесе әкелуді білдіреді және 2014 жылғы 29 мамырдағы шарттың 25-бабы 1-тармағының 5) тармақшасы нормасының қолданысын жоққа шығарады деп есептейді.

Бұл ретте, КО КК 355-бабының 1-тармағына, 2-тармағының 5) тармақшасына, 3-тармағына сәйкес жеке пайдалануға арналған тауарларды кедендік декларациялауды жеке тұлғалар өздерінің кедендік шекара арқылы жүруі кезінде бір мезгілде кеден органына тауарларды көрсете отырып жүзеге асырады.

Кеден одағына мүше мемлекеттердің заңнамасында және (немесе) халықаралық шартында белгіленген жағдайларда кеден одағына мүше мемлекеттердің валютасы, бағалы қағаздары және (немесе) валюталық құндылықтары, жол чектері жазбаша нысанда кедендік декларациялауға жатты.

Жеке пайдалануға арналған тауарларды кедендік декларациялау жолаушының кедендік декларациясы қолданыла отырып жазбаша нысанда

жүргізілді. Жолаушының кедендік декларациясының нысаны, оны толтыру, беру және тіркеу тәртібі Кеден одағы Комиссиясының шешімімен айқындалған. Соған ұқсас нормалар ЕАЭО КК 260-бабы 1-тармағының 7) тармақшасында, 3-тармағында қамтылады.

Өтініште жазылған істің мән-жайларына қатысты Соттың Үлкен алқасы жеке тұлға кеден одағының кедендік шекарасын қолма-қол ақша қаражатын өткізе отырып, іс жүзінде екі рет кесіп өткенін атап көрсетеді. Тиісінше, жеке тұлғаға қатысты оның үшінші мемлекеттің халықаралық әуежайының транзиттік, трансферлік аймағында болуы кезеңінде кедендік және шекаралық бақылау рәсімдері жүзеге асырылмағанына қарамастан, осы жеке тұлғаның ЕАЭО бір мүше мемлекетінен үшінші мемлекет әуежайының транзиттік аймағы арқылы ЕАЭО екінші мүше мемлекетіне іс жүзінде шығу орын алған.

Көрсетілген мән-жайлар мүше мемлекеттердің аумақтары арасында тауарларды (қолма-қол ақша қаражатын қоса алғанда) кедендік декларациялауды қолданбай еркін өткізу белгіленетін 2014 жылғы 29 мамырдағы шарттың 25-бабының 1-тармағы 5) тармақшасының қолданысын жоққа шығарады.

**4.Өтініш берушінің 2010 жылғы 5 шілдедегі шарттың ережелеріне түсініктеме беру туралы сұрақ тұжырымдағанын ескере отырып, Соттың Үлкен алқасы осы Шарттың ережелерін КО КК тиісті нормаларымен өзара байланыста зерттеді.**

2010 жылғы 5 шілдедегі шарт жеке тұлғалардың қолма-қол ақша қаражатын және (немесе) ақша құралдарын кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізу тәртібін айқындады және осы Шарттың 3-бабының 1-тармағы үшінші абзацының және 4-бабының 1-тармағы үшінші абзацының ережелерінде белгіленген міндетті кедендік декларациялауды жүзеге асыру үшін жалпы ақша сомасының «шекті» критерийлерін қоса алғанда, оны қолданудың мынадай шарттарын қамтыды:

бір жолғы әкелу кезінде баламасы 10 000 (он мың) АҚШ долларынан аспайтын жалпы сомада;

бір жолғы әкету кезінде баламасы 10 000 (он мың) АҚШ долларынан аспайтын жалпы сомада.

Бұл ретте 2010 жылғы 5 шілдедегі шарттың 3-бабының 3-тармағына және 4-бабының 3-тармағына сәйкес жеке тұлғаның, жол чектерін қоспағанда, ақша құралдарын әкелуі жолаушының кедендік декларациясын беру арқылы жазбаша нысанда кедендік декларацияланған жағдайда жүзеге асырылды.

Соттың Үлкен алқасы 2010 жылғы 5 шілдедегі шарттың ережелері жеке тұлғалардың кеден одағының кедендік шекарасын кесіп өтпестен Одаққа мүше мемлекеттердің аумақтары арасында қолма-қол ақша қаражатын және (немесе) ақша құралдарын олардың өткізуімен байланысты құқық қатынастарына қолданылмайды деп есептейді.



Қолма-қол ақша қаражатын және (немесе) жол чектерін міндетті түрде декларациялау үшін (2010 жылғы 5 шілдедегі шарттың 4-бабы 1-тармағының үшінші абзацында және 3-бабы 1-тармағының үшінші абзацында белгіленген критерийлер болған жағдайда) тұлға Одаққа бір мүше мемлекеттен Одаққа екінші мүше мемлекетке жол жүру кезінде (әуе көлігін қоса алғанда) оның үшінші мемлекеттердің халықаралық әуежайларының трансферлік аймақтарында аялдауын қоса алғанда, кеден одағының кедендік шекарасын іс жүзінде кесіп өтуінің маңызы бар.

**5.Соттың** Үлкен алқасы «әкелу» және «әкету» терминдерінің анықтамалары КО КК 1-тарауының 4-бабы 31) – 32) және 33) тармақшалырының ережелерінде қамтылатынын атап өтеді.

КО КК 357-бабына сәйкес кеден одағының кедендік аумағына келу орындарында немесе осы аумақтан кету орындарында жеке пайдалануға арналған тауарларды кедендік декларациялау мақсаттары үшін қосарланған дәліз жүйесі қолданылуы мүмкін, оны қолдану кедендік шекара арқылы өтетін жеке тұлғаның жеке пайдалануға арналған тауарларды жазбаша декларациялауды және кедендік операцияларды жасау үшін тиісті дәлізді ("жасыл" немесе "қызыл") өз бетінше таңдауын көздейді.

2010 жылғы 18 маусымдағы Жеке тұлғалардың жеке пайдалануға арналған тауарларды кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізу және оларды шығаруға байланысты кедендік операцияларды жасау тәртібі туралы келісімнің (2018 жылғы 19 наурызда күші жойылған, бұдан әрі – 2010 жылғы 18 маусымдағы келісім) 6-бабының 1-тармағына сәйкес кеден одағының кедендік аумағына келу немесе осы аумақтан кету орындарында (бұдан әрі - келу немесе кету орындары) қос дәліз жүйесі қолданылуы мүмкін.

"Жасыл" дәліз келу немесе кету орындарында арнайы белгіленген, жеке тұлғалардың бір мерзімде алып жүрмейтін багажы болмаған кезде, мұндай тұлғалардың кедендік шекара арқылы жүретін багажда кедендік декларациялауға жатпайтын жеке пайдалануға арналған тауарларды өткізуіне арналған орын болып табылады.

"Қызыл" дәліз келу немесе кету орындарында арнайы белгіленген, жеке тұлғалардың кедендік шекара арқылы алып жүретін багажда кедендік декларациялауға жататын тауарларды, сондай-ақ жеке тұлғаның қалауы бойынша декларациялау жүзеге асырылатын тауарларды өткізуіне арналған орын болып табылады.

Көрсетілген халықаралық шарттың 8-бабына сәйкес Жеке пайдалануға арналған тауарларды кедендік декларациялауды жеке тұлғалар өздері кедендік шекара арқылы жүруі кезінде кеден органына тауарларды бір мезгілде көрсете отырып, жүзеге асырады; халықаралық почта жөнелтімдерімен жіберілетіндерді және кедендік транзиттің кедендік рәсімімен орналастырылатындарды қоспағанда, жеке пайдалануға арналған тауарларды декларациялау жолаушы кедендік декларациясын қолдана отырып, жазбаша нысанда жүргізіледі.

КО КК-нің 357-бабына сәйкес тауарлардың кеден одағының кедендік аумағына келу және осы аумақтан кету орындарында қосарланған дәліз жүйесін жайластыруға қолданылатын талаптар Кеден одағы комиссиясының (ЕЭК) шешімімен айқындалды.

Көрсетілген талаптар Кеден одағы Комиссиясының «Тауарлардың кеден одағының кедендік аумағына келу және осы аумақтан кету орындарында қосарланған дәліз жүйесін жайластыруға қолданылатын талаптар туралы» 2010 жылғы 20 мамырдағы № 259 шешімімен бекітілген.

КО КК-нің және 2010 жылғы 18 маусымдағы келісімнің ережелерінен жеке тұлғаның «жасыл» немесе «қызыл» дәліз арқылы өтуі оның кеден одағының кедендік шекарасынан өтуі фактісі болып табылатындығы туындайды, ол осындай тұлғаға қатысты тауар, қолма-қол ақша қаражаты және (немесе) жол чектері кеден одағының кедендік шекарасынан әкетілмейтін жағдайларда ғана қолданылатын 2014 жылғы 29 мамырдағы шарттың 25-бабы 1-тармағының 5) тармақшасын қолдануды болдырмайды.

Жеке тұлғада жалпы сомасы баламасында 10 000 АҚШ долларынан асатын қолма-қол ақша қаражаты және (немесе) жол чектері болған жағдайда, мұндай тұлға өзінде «дәлізді» өз бетімен таңдау құқығының болуына қарамастан, құқықтық теріс салдарлардың туындауын болдырмау мақсатында кедендік шекараны «қызыл дәліз» арқылы кесіп өтуге тиіс, ал көрсетілген қолма-қол ақша қаражаты және (немесе) жол чектері әкелінетін/әкетілетін қолма-қол ақша қаражатының және (немесе) жол чектерінің бүкіл сомасына жолаушының кедендік декларациясын беру жолымен жазбаша нысанда кедендік декларациялауға жатады.

Осылайша, жеке тұлғаның КО КК 357-бабына сәйкес кеден одағының кедендік шекарасын кету пунктінде кесіп өтуі, оның жалпы сомасы баламасында 10 мың АҚШ долларынан асатын қолма-қол ақша қаражатын және (немесе) жол чектерін үшінші мемлекетке әкету мақсатында жазбаша декларациялауы жеке тұлғаның қолма-қол ақша қаражатын кеден одағының кедендік аумағынан тысқары жерлерге әкетуінің заңды фактісін білдіреді.

Жеке тұлғаның үшінші мемлекеттің халықаралық әуежайының транзиттік, трансферлік аймағында болуы тұлғаның кеден одағының бірыңғай кедендік аумағының шегінен тыс болуы фактісін растайды.

Баяндалғандарды ескере отырып және өтініш берушінің сұрағы шеңберінде Соттың Үлкен алқасы мынадай қорытындыға келді.

Жеке тұлғалар жалпы сомасы баламасында 10 мың АҚШ долларынан асатын қолма-қол ақша қаражатын және (немесе) жол чектерін Одаққа бір мүше мемлекеттің аумағынан Одаққа екінші мүше мемлекеттің аумағына үшінші мемлекеттердің халықаралық әуежайларының транзиттік, трансферлік аймақтары арқылы әуе көлігімен өткізуі кезінде баламасында 10 мың АҚШ долларынан асатын қолма-қол ақша қаражатын және (немесе) жол чектерін бір жолғы әкелу кезінде жеке тұлғалардың қолма-қол ақша қаражатын және (немесе) жол чектерін кедендік декларациялауды жүзеге асыруы міндетін белгілейтін 2010 жылғы 5 шілдедегі шарттың 3-бабының 1-тармағы үшінші абзацының ережесі немесе баламасында 10 мың АҚШ

долларынан асатын қолма-қол ақша қаражатын және (немесе) жол чектерін бір жолғы әкету кезінде жеке тұлғалардың көрсетілген ақша қаражатын және (немесе) жол чектерін кедендік декларациялауды жүзеге асыруы міндетін белгілейтін 2010 жылғы 5 шілдедегі шарттың 4-бабының 1-тармағы үшінші абзацының ережесі қолдануға жатты.

**6.** Соттың Үлкен алқасы 2010 жылғы 5 шілдедегі шарттың қолданылуы кезеңінде Комиссия мүше мемлекеттермен бірлесіп, көрсетілген Шартқа, егер жеке тұлға үшінші мемлекет әуежайының трансферлік (транзиттік) аймағында болған жағдайда, жалпы сомасы баламасында 10 мың АҚШ долларынан асатын қолма-қол ақша қаражатын және (немесе) жол чектерін бір мүше мемлекеттің аумағынан екінші мүше мемлекеттің аумағына үшінші елдердің аумағы арқылы транзитпен әуе көлігімен өткізу кезінде жеке тұлғалардың міндетті кедендік декларациялауының күшін жою бөлігінде өзгерістер енгізу мүмкіндігін зерделеді. Жеке тұлғалардың көрсетілген санатына қатысты кедендік декларациялау рәсімін өзгерту бойынша Комиссия ұсынған шаралар нормативтік бекітуге ие болмады.

**7.** Соттың Үлкен алқасы мыналарды атап өту қажет деп есептейді.

2010 жылғы 5 шілдедегі шарттың (қазіргі кезде ЕАЭО КК 260-бабының) ережелері қалыптасқан халықаралық практикаға қолма-қол ақша қаражатын және жол чектерін өткізу тәртібін реттеу бөлігінде сәйкес келді.

БҰҰ Бас Ассамблеясының 55-ші сессиясының 62-ші жалпы отырысында 2000 жылғы 15 қарашада 55/25 Қарарымен қабылданған Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенцияның және Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының (ФАТФ) 2012 жылғы 15 ақпанда бекітілген нұсқасындағы ұсынымдарының (бұдан әрі – ФАТФ ұсынымдары) ережелерінде бір мезгілде артық тосқауылдарды жою кезінде қолма-қол ақша қаражатының қозғалысына жүргізілетін мониторинг рәсімдерінің тиімділігін арттыруға бағытталған нормалар бекітілді.

БҰҰ мүше мемлекеттердің ФАТФ ұсынымдарында қамтылған халықаралық стандарттарды сақтауы қажеттігі БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесі 2005 жылғы 29 шілдедегі 5244-ші отырыста қабылдаған 1617 (2005) Қарардың 7-тармағына енгізілді.

ФАТФ № 32 ұсынымына сәйкес елдерде қолма-қол ақша мен ұсынушыға берілетін айналымдық құралдарды физикалық трансшекаралық өткізуді, соның ішінде декларациялау жүйесі және/немесе ақпараттандыру жүйесі арқылы анықтау жөніндегі шаралар болуы қажет. Мемлекеттер дәйексіз декларациялауды немесе ақпараттандыруды жүзеге асыратын тұлғаларға қатысты тиімді, мөлшерлес және тежеуші санкциялардың болуын қамтамасыз етуге тиіс.

Көрсетілген халықаралық-құқықтық механизмдерді іске асыру 2010 жылғы 5 шілдедегі шарттың 6-бабының бірінші абзацының жеке тұлғалардың жазбаша нысанда міндетті түрде декларациялануға жататын

қолма-қол ақша қаражатын және (немесе) ақша құралдарын өткізуі кезінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылды қамтамасыз ету мақсатында жолаушының кедендік декларациясында міндетті мәліметтерді көрсету туралы нормасымен (қазіргі кезде – ЕАЭО КК 260-бабының 17-тармағы бірінші абзацының нормасымен) регламенттелді. Олардың қатарына 2010 жылғы 5 шілдедегі шарттың 6-бабының 3) тармағы қолма-қол ақша қаражатының және (немесе) ақша құралдарының көзі, олардың иелері (декларанттың меншігі болып табылмайтын қолма-қол ақша қаражатын және (немесе) ақша құралдарын өткізген жағдайларда), сондай-ақ болжамды пайдаланылуы туралы мәліметтерді қосты.

КО КК 6-бабының 1-тармағының 7-тармақшасына сәйкес кеден органдарының негізгі міндеттерінің бірі кедендік шекара арқылы кеден одағына мүше мемлекеттердің валютасының, бағалы қағаздарының және (немесе) валюта құндылықтарының, жол чектерінің өткізілуін бақылауды жүзеге асырған кезде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды қамтамасыз ету болып табылды.

Осыған ұқсас норма 2017 жылғы 11 сәуірдегі ЕАЭО КК 351-бабының 2-тармағының 4) тармақшасына енгізілген, онда Одаққа мүше мемлекеттердің қолма-қол ақша қаражатын және (немесе) ақша құралдарын өткізуді халықаралық-құқықтық реттеудегі дәйектілік көрсетіледі.

2010 жылғы 5 шілдедегі шарттың, КО КК-нің, ЕАЭО КК-нің ережелерін талдау Одақ құқығымен белгіленген жеке тұлғалардың қолма-қол ақша қаражатын және (немесе) ақша құралдарын өткізуі тәртібінің халықаралық стандарттарға сәйкес келетіндігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

2010 жылғы 5 шілдедегі шарттың ережелері кеден одағының кедендік шекарасы арқылы қолма-қол ақша қаражаты мен жол чектерін өткізетін жеке тұлғалардың құқықтары мен міндеттерінің теңдігін белгіледі. Соттың Үлкен алқасы қолма-қол ақша қаражатын және (немесе) жол чектерін өткізу тәртібін бұзушылықтар анықталған жағдайда, тұлғаны әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы мәселені шешу кезінде пропорционалдылық қағидатын сақтау қажеттігін атап өтеді.

**8.**Соттың Үлкен алқасы 2018 жылғы 1 қаңтардан – ЕАЭО КК күшіне енген күннен бастап, – Одақтың кедендік шекарасы арқылы қолма-қол ақша қаражатын өткізу тәртібі мен қағидаларының ЕАЭО КК-нің «Жеке пайдалануға арналған тауарларды Одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізу шарттары мен тәртібінің ерекшеліктері» деген 37-тарауының 260-бабының ережелерімен реттелетінін атап өтеді.

ЕАЭО КК-нің 260-бабының нормасымен белгіленген осындай құралдарды кедендік декларациялау міндетінің туындауы үшін құқықтық негіз болып табылатын критерийлер бұған дейін 2010 жылғы 5 шілдедегі шартта регламенттелген критерийлерге тең.

ЕАЭО КК-нің 260-бабы 1-тармағының 7) – 8) тармақшаларына сәйкес кедендік декларациялауға мыналар:

кеден органына жолаушының кедендік декларациясын ұсынған күні қолданыста болатын валюта бағамы бойынша 10 мың АҚШ долларына балама сомадан асатын қолма-қол ақша қаражатын және (немесе) жол чектерін Одақтың кедендік аумағына бір уақытта әкелу немесе Одақтың кедендік аумағынан бір уақытта әкету кезіндегі қолма-қол ақша қаражаты және (немесе) жол чектері;

жол чектерін қоспағанда, ақша құралдары жатады.

ЕАЭО КК-нің 260-бабында белгіленген қолма-қол ақша қаражатын және (немесе) жол чектерін декларациялау жөніндегі міндеттеме, егер Одақтың кедендік шекарасын, соның ішінде жеке тұлғалар үшінші мемлекеттердің халықаралық әуежайларының трансферлік аймақтары арқылы жүруі кезінде кесіп өту орын алған жағдайларда, үшінші мемлекеттер арқылы Одаққа мүше мемлекеттер арасында қолма-қол ақша қаражатын және (немесе) жол чектерін өткізетін жеке тұлғаларға да қолданылады.

## **V. Қорытынды ережелер**

**9.** Осы Консультативтік қорытындының көшірмесі өтініш берушіге жіберілсін.

**10.** Консультативтік қорытынды Соттың ресми интернет-сайтында орналастырылсын.

Төрағалық етуші

Ж.Н. Бәйішев

Баяндамашы судья

Э.В. Айриян

Судьялар

А.М. Ажибраимова

Д.Г. Колос

Т.Н. Нешатаева

В.Х. Сейтімова

Г.А. Скрипкина

А.Э. Туманян

А.А. Федорцов

К.Л. Чайка